

**УДК 373.1.013**

**Г.Т. Тусупбекова**, биология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар к., Қазақстан Республикасы)  
E-mail: g\_tusupbekova@mail.ru

**М.П. Шакарманова**, педагогика және психология магистрі  
Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар к., Қазақстан Республикасы)  
E-mail: maijan\_1075@mail.ru

**Жаратылыстану пәнін оқытудағы мақсатқа жетудің  
дидактикалық аспектілері**

***Аңдатпа.** Мақалада мақсатқа жету мәселесін іс-әрекет және құзыреттілік көзқарастар тұрғысынан қарастыру ұсынылады. «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» оқу пәні мен мектептегі «Жаратылыстану» курсының мақсаттары мен міндеттерінен нақты тұжырымдар келтірілген. Авторлар ұсынған пәннің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдауда, оқу материалын мазмұндау логикасын сақтау, оның мазмұн ерекшелігіне сәйкес сабақтастықтың дидактикалық қағидаттарын ескеру көрсетілген.*

***Түйін сөздер:** мақсат қою, құзыреттілік, пәннің мақсаттары мен міндеттері, дайындық.*

**Кіріспе.** Педагогикалық әдебиеттерде мақсат қою проблемасының өзектілігіне қарамастан, қазіргі заманғы оқулықтарды дидактикалық және жеке әдістемелік пәндер бойынша талдау көрсеткендей, авторлар оның мақсатын айқын анықтай алмайды. Әдетте көптеген оқулықтардың бірінші тарауы оқу пәні мен оның міндеттерін анықтаудан басталады. Авторлардың көпшілігі пәннің мақсатын айқын деп санайды да, оны тұжырымдауға аса мән бермей, бірден тапсырмалардың сипатына көшеді.

**Негізгі бөлім.** Сонымен қатар, ҚР Жалпы орта білім беру мемлекеттік стандартында пәндер бойынша білім беру және оқу бағдарламалары айқындауға тиіс мәселелер:

- 1) оқу пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері;
- 2) оқу пәнін оқытуда жоспарланған нәтижелері;
- 3) оқу пәнінің базалық мазмұны;
- 4) мазмұнды қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі;
- 5) Пән бойынша оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;
- 6) Оқу пәні бойынша білім беру процесін ұйымдастыру және іске асыру жағдайларына

қойылатын талаптар:

- білім беру технологиялары;
- материалдық-техникалық жабдықтау» [1].

В.А. Далингердің пікірінше, құзыреттілікті жүзеге асыру тек пәндік емес, пәнаралық нәтижелерге (танымдық, практикалық, коммуникативтік және бағалушылық-бағдарлау іс-әрекеттері) қол жеткізуді қамтамасыз ететін жаңа оқу құралдарын жасауды талап етеді.

Құзыреттілік көзқарас тұрғысынан оқу пәнінің мақсаттарын анықтау оның мазмұнын іріктеуден бұрын жүзеге асырылуы тиіс. Алдымен бұл пән не үшін қажет екенін анықтау керек, содан кейін оны меңгеруге, қажетті нәтиже алуға мүмкіндік беретін мазмұнды таңдау керек [2].

В.А. Далингер оқу пәні мақсаттарының келесі топтарын қарастырады:

1) қозғалыс бағытын анықтайтын мақсаттар, бірақ бұл мақсат пәнді оқу арқылы қол жеткізетін нәтижені анықтайтын мақсат болмауы керек. Сондай-ақ, олар құндылық бағдарын, дүниетанымдық ұстанымдарды, мүдделерді дамытуды, қажеттіліктерді қалыптастыратын мақсаттары болуы тиіс;

2) пәннің мақсаты мектеп қол жеткізуге кепілдік бере алатын нәтижелерді қамтиды [2].

Шынайы педагогикалық мақсаттар әрқашан ұзақ мерзімді дамуға, тұлғаның өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Ал оқушылардың мақсаттары болса, әрқашан жақын болашақта, қазір немесе жақын болашақта күтілетін нәтижеге бағытталған.

Ұсынылған мақалада біз білімнің екі деңгейінің мазмұнына кіретін пәндердің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау үлгісін келтіреміз:

1) «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» – «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша болашақ маманды даярлау оқу жоспарының міндетті компоненті (білім деңгейі-жоғары);

2) «Жаратылыстану» – бастауыш мектеп оқу жоспарының міндетті компоненті (білім деңгейі – бастауыш білім).

Оқу мақсатын тұжырымдау мысалдары үшін берілген пәндерді таңдау олардың ерекшелігімен байланысты. Мәселен, «Жаратылыстану» курсына оқушылар жаратылыстану пәндерінің (биология, география, экология, адам физиологиясы, қоғамның даму тарихы және т.б.) бастапқы ұғымдарын меңгеруі керек. Төменде ұсынылған мысалдар, біздің ойымызша, мұғалімдер мен білім беру саласындағы басқа да мамандарға басқа да білім салаларындағы пәндердің мақсаттарын ұқсастығы бойынша тұжырымдауға көмектеседі.

Сонымен, қарастырып отырған пәндерді сипаттайық.

Ең алдымен, «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» пәні педагогикалық ғылымдар жүйесіне жатады. Себебі, ол «жаратылыстану» курсының оқыту үрдісін зерттейді және оның міндеттерін, мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырылуын, жаратылыстану ғылымдарының дамуына және қоғамның өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуге қойылатын талаптарын қамтитын пән екені белгілі.

Біріншіден, «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» курсы **«Төменгі сынып оқушылары неге қоршаған табиғатты зерттеулері керек?»** деген сұраққа жауап береді. Демек, бұл ғылым қазіргі кезеңдегі қоғамның даму деңгейіне және оның әлеуметтік тапсырысына сәйкес «жаратылыстану» курсының меңгеру барысында оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мақсаты мен міндеттерін зерттейді және әзірлейді.

Екіншіден, «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» курсы **«Неге үйрету керек?»** деген сұраққа жауап береді. Яғни, бұл пән оқу материалының мазмұнын, оның негізгі идеяларын, фактілерді іріктеу принциптерін және пәнді құруды анықтайды.

Үшіншіден, «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» **«Қалай үйрету керек?»** керек деген сұраққа да жауап береді. Яғни, осы пәннің құралдарын пайдалану арқылы қалай тәрбиелеу керектігін, пән мазмұнындағы кіші мектеп жасындағы оқушыларды дамыту және тәрбиелеу үшін тиімді әдістер мен тәсілдерді, осы пәннің ерекшеліктерін ескере отырып оқыту мен тәрбиелеудің қандай формаларын қолдануды анықтайды.

«Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» пәнінің мақсатын анықтамас бұрын, мектептегі «Жаратылыстану» пәнін қысқаша сипаттау қажет.

«Жаратылыстану» – өзінің дидактикалық ерекшеліктері бар, мектеп курсының басқа пәндерінен ерекшеленетін оқу пәні. Бұл табиғат туралы жалпыланған білім жүйесі болып табылатын интегративті-насихаттаушы курс. Ол оқушыларға заттар мен құбылыстарды таныстырады, жекелеген құбылыстар арасындағы байланысты ашады, қоршаған ортаның даму заңдылықтарын түсінуге көмектеседі.

«Жаратылыстану» курсының негізін «табиғат – адам – қоғам» жүйесінің диалектикалық бірлігі құрайды. Аталған жүйенің әр компонентінің ерекшеліктері мен қасиеттерін география, геология, биология (ботаника, зоология, адам анатомиясы және физиологиясы), астрономия, химия, физика, топырақтану, экология сияқты әртүрлі ғылымдар қарастырады. Әрбір ғылым элементтерінің бірлігі оқушыларға табиғат туралы, оның компоненттерінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы жалпы түсініктерін қалыптастыруына жағдай жасайды [3].

Осылайша, жоғарыда баяндалған фактілер негізінде «Жаратылыстану» курсының оқытудың мақсаты бастауыш сынып оқушыларын жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерінің ғылыми ұғымдары жүйесін меңгеруге дайындау болып табылады [4].

Пәннің осы нұсқасында «дайындық» мақсаты ретінде жаратылыстану-ғылыми білімнің сандық және сапалық сипаттамасын, дағды мен іскерлік сипатын көре аламыз. Ол оқу бағдарламасында қарастырылған жеке тұлғаның белгілі бір сапасын тәрбиелеуді, сондай-ақ психикалық процестерді дамытуды қамтиды. Жалпы алғанда, жалпы білім беретін мектепте жаратылыстану-ғылыми білімін пәнаралық байланыста оқу-тәрбие үрдісіне кірістірудегі мақсат оқушылардың біртұтас ғылыми-негізделген дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған, яғни, табиғатқа, қоғамға және ойлауға қатысты философиялық, құқықтық, адамгершілік және т.б. көзқарастар жүйесінің негізін қалау болып табылады. «Жаратылыстану» пәнінің мақсаты оның оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін анықтайды.

«Жаратылыстану» курсының оқытудың негізгі міндеттері:

1) бастауыш сынып оқушыларына әлемнің кең бейнесін, әлемнің материалдық және танымалдық қырын түсіндіру негіздерін қалыптастыру;

2) қоршаған орта құбылыстары мен үрдістері, олардың қасиеттері, сапасы мен жағдайы туралы негізгі дүниетанымдық түсініктерді қалыптастыру;

3) қоршаған әлемнің объектілері, процестері мен құбылыстары арасындағы өзара байланыс пен өзара тәуелділік, олардың уақыт пен кеңістіктегі өзгерістері, заңдылық пен эволюция идеялары туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;

4) гигиеналық, зертханалық-практикалық, табиғатты қорғау және т. б. практикалық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру.

«Жаратылыстану» курсының тәрбиелік міндеттері:

1) адамның табиғатқа жауапкершілік көзқарасын, оның байлығы мен түрлі байлығын сақтау қажеттілігін тәрбиелеу, экологиялық тұрғыдан сауатты және мәдени тұлғаны қалыптастыру;

2) табиғат арқылы эстетикалық сезімдерді, жанашырлықты тәрбиелеу, әдемілік пен үйлесімділік сезімдерді қалыптастыру және дамыту;

3) санитарлық-гигиеналық дағдылар мен салауатты өмір салтын жүргізу әдеттерін қалыптастыру;

4) табиғат туралы ғылымдарды үйренуге, табиғат туралы ғылымға деген танымдық қызығушылықты дамытуға тәрбиелеу;

5) еңбексүйгіштікке баулу, дене тәрбиесі негіздерін меңгеруге тәрбиелеу;

6) отансүйгіштік сезім мен ұлтаралық тұтастыққа баулу.

«Жаратылыстану» курсының дамытушылық міндеттері:

- 1) қоршаған ортаны тану тәсілі ретінде логикалық ойлауды қалыптастыру және дамыту, оның құбылыстары мен оқиғаларын дұрыс бағалау, қоршаған орта туралы ақпараттарды өңдеу;
- 2) баланың ақыл-ой қабілетін қалыптастыру және дамыту;
- 3) баланың сенсорлық және қимыл-қозғалыс бағытын қалыптастыру және дамыту.

«Жаратылыстану» мектеп курсының ерекшелігі осы пәнді оқытудың теориясы мен технологиясының ерекшелігін анықтайды. Бастауыш сынып оқушыларын «Жаратылыстану» сабақтарында оқыта отырып, мұғалім олардың білімін, іскерлігін, дағдыларын дамытады, және практикалық іс-әрекетке қажетті біліммен қаруландырады, сондай-ақ олардың дүниетанымын, ерік-жігерін қалыптастырады, ақыл-ой қабілетін және т. б. дамытады. Сондықтан оқытудың қазіргі әдістемесі «Жаратылыстану» пәнін оқытудың органикалық бөлігі және тәрбие құралы ретінде қарастырып жүр. Осылайша, «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» пәні педагогикалық пән ретінде жаратылыстану сабақтарында бастауыш сынып оқушыларын дамытып, тәрбиелеудің заңдылықтарының негізін қалаушы пән болып табылады.

Олай болса, ғылыми пән ретінде «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» пәнінің мақсатын былайша тұжырымдауға болады: **«Жаратылыстану» пәнін оқытудың теориялық-әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу және бастауыш сынып мұғалімінің жаратылыстану-ғылыми білімінің мазмұны мен кәсіби даярлығын анықтау** [4].

Бұл мақсат «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» міндеттерін былайша белгілейді:

- 1) «Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұнын анықтау, оқу материалын ғылымилық, қол жетімділік, жүйелілік және бірізділік қағидалары негізінде іріктеу;
- 2) ғылыми жаратылыстану ұғымдары жүйесін іріктеу, мектепте оқуға тиісті ғылым негізін құрауы керек;
- 3) оқыту әдістерін, тәсілдерін және осы үшін қажетті жабдықтарды ұйымдастыруды зерттеу; ғылым негіздерін оқытудың ең тиімді әдістері мен тәсілдерін әзірлеу;
- 4) балалардың оқу материалын меңгеруінің үрдісі мен нәтижелерін зерттеу;
- 5) оқытудың барлық элементтері арасындағы заңды байланыстарды ашу және оқыту тәрбие процесінің міндеттерін жүзеге асыруға барынша ықпал ететін жағдайларды табу;
- 6) бастауыш сынып мұғалімдерінің диалектикалық-материалистік дүниетанымын қалыптастыру;
- 7) бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-маңызды дағдыларын, сондай-ақ жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- 8) бастауыш сынып мұғалімдеріне «Жаратылыстану» пәнін оқытуда қажетті ұсыныстар мен ережелерді әзірлеу.

**Қорытынды.** Ұсынылған «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» курсының мақсат-міндеттерінің тұжырымдары мектептегі «Жаратылыстану» пәнінің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жасалғанын байқау қиын емес. Біздің ойымызша, аталған екі пәннің сабақтастығы қисынды, келтірген негіздемесі мен дәйектемелері де жеткілікті дәрежеде, өз кезегінде аталған мақсат-міндеттер екі пәнінің ерекшелігі мен дидактикалық қағидатын есепке алуды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, біз қазіргі заманғы білім беру практикасына тән «білім» және «ақпарат» ұғымдары арасындағы алшақтықты әлсіретуге қол жеткіздік, өйткені әзірлеген мақсаттар мен міндеттер жүйесі оқытуды бірыңғай тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде түсінуден туындайды.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ГОСО РК 2.003-2007. Основные положения. Среднее общее образование.
- 2 Далингер В.А. Компетентностный подход и образовательные стандарты общего образования // Образовательно-инновационные технологии: теория и практика. – Воронеж: Изд-во ВГПУ, 2009. – С. 7-18.
- 3 Петросова Р.А., Голов В.П., Сивоглазов В.И. Технология обучения естествознанию и экологическое воспитание в начальной школе / Учебное пособие. – М.: Изд-во Академия, 2000. – 176 с.
- 4 Тусупбекова Г.Т. Целеполагание в преподавании естественнонаучных дисциплин. – Изд-во LAP LAMBERT Academic Publishing, 2012. – 241 с.

#### REFERENCES

- 1 GOSO RK 2.003-2007. Osnovnyye polozheniya. Sredneye obshcheye obrazovaniye.
- 2 Dalinger V.A. Kompetentnostnyy podkhod i obrazovatelnyye standarty obshchego obrazovaniya // Obrazovatelno-innovatsionnyye tekhnologii: teoriya i praktika. – Voronezh: Izdatelstvo VGPU. 2009. – S.7-18.
- 3 Petrosova R.A., Golov V.P., Sivoglazov V.I. Tekhnologiya obucheniya estestvoznaniyu i ekologicheskoye vospitaniye v nachalnoy shkole / Uchebnoye posobiye. – M.: Akademiya, 2000. – 176 s.

4 Tusupbekova G.T. Tselepolaganiye v prepodavanii estestvennonauchnykh distsiplin. – LAP LAMBERT Academic Publishing, 2012.

**Г.Т. Тусупбекова**, кандидат биологических наук, доцент  
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар, Республика Казахстан)  
E-mail: g\_tusupbekova@mail.ru  
**М.П. Шакарманова**, магистр педагогики и психологии  
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар, Республика Казахстан)  
E-mail: maijan\_1075@mail.ru

### **Дидактические аспекты целеполагания в преподавании естествознания**

В статье предлагается решение проблемы целеполагания с позиций деятельностного и компетентностного подходов. Приведены конкретные формулировки целей и задач учебных дисциплин «Методика преподавания естествознания» и школьного курса «Естествознание». Выбор данных дисциплин для иллюстрации примеров формулировки цели обучения обусловлен их спецификой. Так как в курсе «Естествознания» учащиеся должны усвоить первоначальные понятия естественнонаучных дисциплин (биологии, географии, экологии, физиологии человека, истории развития общества и т.д.), то предлагаемые примеры формулировок целей и задач уроков естествознания помогут, по мнению авторов, учителям и другим специалистам в области образования сформулировать по аналогии цели дисциплин из других областей естественнонаучных знаний.

Специфика школьного курса «Естествознание» определяет специфику теории и технологии обучения этой дисциплине. Предлагаемые авторами формулировки цели и задач курса «Методика преподавания естествознания» разработаны в соответствии с целью и задачами школьной дисциплины «Естествознание», с соблюдением логики изложения, достаточной степени обоснованности и убедительности выводов, а также учета специфики учебного предмета и дидактического принципа преемственности.

**Ключевые слова:** целеполагание, компетентностный подход, цели и задачи дисциплины, готовность.

**G.T. Tusupbekova**, Candidate of Biological Sciences, Associate Professor  
Innovative Eurasian University (Pavlodar, Republic of Kazakhstan)  
E-mail: g\_tusupbekova@mail.ru  
**M.P. Shakarmanova**, Master of Education and Psychology  
Innovative Eurasian University (Pavlodar, Republic of Kazakhstan)  
E-mail: maijan\_1075@mail.ru

### **Didactic aspects purpose in teaching natural knowledge**

The article proposes a solution to the problem of goal-setting from the standpoint of activity and competency-based approaches. Concrete formulations of the goals and objectives of the academic disciplines "Methodology of Teaching Natural Sciences" and the school course "Natural Sciences" are given.

The choice of these disciplines to illustrate examples of the formulation of the learning goal is determined by their specificity. Since in the course of "Natural Sciences", students should learn the initial concepts of natural sciences (biology, geography, ecology, human physiology, history of society, etc.), the proposed examples of the wording of the goals and objectives of science lessons will help, according to the authors, teachers and other specialists in the field of education to formulate, by analogy, the goals of disciplines from other areas of science.

The specificity of the school course "Natural Sciences" determines the specifics of the theory and technology of teaching this discipline. The wordings of the goals and objectives of the course "Methods of Teaching Natural Sciences" proposed by the authors are developed in accordance with the goals and objectives of the school discipline "Natural Sciences" in compliance with the logic of presentation, a sufficient degree of validity and convincing conclusions, as well as taking into account the specifics of the subject and the didactic principle of continuity.

**Key words:** goal-setting, competency-based approach, goals and objectives of the discipline, readiness.